

Шығыс Қазақстан облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерлерін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 02 шілдедегі N 153 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 03 шілдедегі N 4/65-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 02 тамызда N 2623 тіркелді

Ескерту. Бірлескен қаулы мен шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.05.2023 № 99 бірлескен қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 31.05.2023 № 3/24-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 50-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағы 13) тармақшасына және 27-бабының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін ұтымды пайдалану мақсатында Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерлері осы бірлескен қаулы мен шешімге қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.05.2023 № 99 бірлескен қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 31.05.2023 № 3/24-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім және қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Облыс әкімі
Облыстық мәслихат хатшысы*

*Н. Түсіпова
Б. Сапарбаев
Г. Пинчук*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2012 жылғы 2 шілдедегі № 153
қаулысы мен
Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының
2012 жылғы 3 шілдедегі № 4/65-V
шешіміне қосымша

Шығыс Қазақстан облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерлері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.05.2023 № 99 бірлескен қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 31.05.2023 № 3/24-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Аудан (қала) атауы	Жеке меншік құқығымен немесе уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен болуы мүмкін бір әкімшілік ауданның (қаланың) шегінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері, гектар			
		Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін		шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның үлестес тұлғаларында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	
		барлығы	оның ішінде суармалы	барлығы	оның ішінде суармалы
1	2	3	4	5	6
1	Алтай	3,1	2	3,1	2
2	Глубокое	0,9	0,9	0,9	0,9
3	Зайсан	3,4	2	3,4	2
4	Катонқарағай	1,2	1,2	1,2	1,2
5	Күршім	3,6	2	3,6	2
6	Самар	2,5	2	2,5	2
7	Тарбағатай	6,3	2	6,3	2
8	Ұлан	1,9	1,9	1,9	1,9
9	Шемонаиха	0,9	0,9	0,9	0,9
10	Риддер қаласы	0,8	0,8	0,8	0,8
11	Өскемен қаласы	1,9	1,9	1,9	1,9